

Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру саласындағы нормативтік құқықтық актілерге құқықтық мониторинг жүргізу туралы есеп

I. Кіріспе.

Заңнама саласының (кіші саласының) атауы:

Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруды реттейтін заңнама

Заңнама саласын (кіші саласын) реттейтін нормативтік құқықтық актілердің тізбесі:

- «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының заңы (бұдан әрі – ҚРҰБ туралы Заң) (8-баптың 5), 19), 20), 24), 24-2) және 35) тармақшалар, 15-баптың екінші бөлігінің 58) тармақшасы, 15-баптың үшінші бөлігінің 8), 11) және 18) тармақшалары, 56-баптың 3), 4) және 5) тармақшалары);

- «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының заңы (бұдан әрі – ВРВБ туралы Заң) (1-баптың 1-тармағының 1), 8) және 9) тармақшалары, 5-баптың 4-тармағының 2) тармақшасы, 7-баптың 1-тармағының 11) тармақшасы, 10-баптың 3 және 4-тармақтары, 11-баптың 1, 2, 3-тармақтары, 12-баптың 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7 тармақтар);

- «Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 4 сәуірдегі № 49 қаулысы;

- «Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункті арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын және табыс ету мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 20 шілдедегі № 91 қаулысы;

- «Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларға қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2022 жылғы 28 ақпандағы № 20 қаулысы.

Ескерту. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге жәрдемдесу және сыртқы факторлардың ішкі валюта нарығына тұрақсыздандырушы әсерін шектеу мақсатында Ұлттық Банк айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша теңгеге шетел валютасын сату бағамынан сатып алу бағамының ауытқу шегін белгілейді (қажет болған жағдайда).

Осылайша, айырбастау пункттерінде қолма-қол валютаны сатып алу және сату бағамдары арасындағы негізсіз айырмашылықты белгілеу және әлемдік қаржы нарықтарындағы құбылмалылық жағдайында қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету арқылы алыпсатарлық операцияларға жол бермеу мақсатында 2025 жылғы 20 ақпанда «Айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша шетел валютасын теңгеге сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шектерін белгілеу туралы»ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының № 11 Қаулысы қабылданды.

Бұл ретте, 2024 жылы айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша шетел валютасын теңгеге сату бағамынан сатып алу бағамының ауытқу шегі белгіленбеген.

Нысаналы топ:

- жеке тұлғалар (қаржылық қызметтерді тұтынушылар);

Анықтама: «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасындағы **жеке тұлғалардың** қолма-қол шетел валютасын басқа қолма-қол шетел валютасына немесе қолма-қол ұлттық валютаға сатып алуы және (немесе) сатуы **тек қана** айырбастау пункттері арқылы жүргізіледі.

- уәкілетті банктер¹;

- уәкілетті ұйымдар².

Саласының (кіші саласының) сипаттамасы, оның мемлекеттік басқару жүйесіндегі мақсаттары мен міндеттері, реттеу объектісі мен субъектісі: екінші деңгейдегі банктер мен уәкілетті ұйымдар жүзеге асыратын қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын реттеу және бақылау.

Мақсаты: Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығының тұрақтылығын және экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясатқа жәрдемдесу.

Міндеті: Екінші деңгейдегі банктер және екінші деңгейдегі банктер болып табылмайтын және Ұлттық Банктің қолма – қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына лицензиясы бар Қазақстан Республикасының қаржы ұйымдары (бұдан әрі – уәкілетті ұйымдар) жүзеге асыратын қолма-қол шетел валютасымен

¹ **Уәкілетті банктер** – Қазақстан Республикасында құрылған банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (уәкілетті ұйымдарды қоспағанда), сондай-ақ Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын шетелдік банктердің валюталық операцияларды, оның ішінде клиенттердің тапсырмалары бойынша (қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операциялары бөлігінде) жүргізетін филиалдары.

² **Уәкілетті ұйымдар** – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде қызметті тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын банктер болып табылмайтын Қазақстан Республикасының қаржы ұйымдары.

айырбастау операцияларын реттеу және бақылау саласындағы Ұлттық Банктің саясатын нормативтік қамтамасыз ету.

Нысан: айырбастау пункттері және автоматтандырылған айырбастау пункттері арқылы жүзеге асырылатын қолма-қол шетел валютасын сатып алу, сату және Айырбастау жөніндегі операциялар.

Субъект: заңды тұлғалар (уәкілетті банктер және уәкілетті ұйымдар).

II. Заңнама саласын (кіші саласын) ретроспективті талдауы

| № р/с | Талданатын заңнама саласының (кіші саласының) уақытша кезеңі | Нормативтік құқықтық актінің атауы | Тұжырымдамалық сипаттағы енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды сипаттау (заңнамалық актінің құрылымдық элементтерін көрсете отырып) | Түзету негіздері және бастапқыда айтылған максаттар | Нақты салдары (енгізілген түзетулердің нәтижелері) |
|-------|--|---|---|---|--|
| 1. | 2018 жылдан 2025 жылға дейін | <p>ВРВБ туралы заң (ҚР-да қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру саласын реттейтін бөлігінде, атап айтқанда:</p> <p>1-баптың 1-тармағының 1), 8) және 9) тармақшалары, 5-баптың 4-тармағының 2) тармақшасы, 7-баптың 1-тармағының 11) тармақшасы, 10-баптың 3 және 4-тармақтары, 11-баптың 1, 2, 3-тармақтары, 12-баптың 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7 тармақтар</p> | <p>Валюталық реттеу және валюталық бақылау саласындағы қатынастарды реттеудің құқықтық тетігін жетілдіру, халықаралық тәжірибені ескере отырып, валюталық заңнамадағы құқықтық олқылықтарды жою мақсатында жаңартылған нормалардың көлемін ескере отырып, 2018 жылғы 2 шілдедегі ВРВБ туралы заң (бұдан әрі – Заң) жаңа редакцияда қабылданды.</p> <p>Заңмен келесі новеллалар енгізілді:</p> <p>1) интеграциялық процестерді ескере отырып, тұжырымдамалық аппарат жетілдірілді, арнайы Халықаралық экономикалық аймақтарды (АХҚО, «Қорғас» ХШЫО) құруға және дамытуға байланысты бірқатар жаңа ұғымдар бекітілді;</p> <p>2) ерекше құқықтық режимі бар аймақтар аумағында (АХҚО, «Қорғас» ХШЫО) олардың қатысушылары ретінде тіркелген адамдар жүзеге асыратын операцияларға қойылатын талаптар жеңілдетілген;</p> <p>3) валюталық операциялардың статистикалық мониторингін қамтуды кеңейту және бизнес үшін валюталық заңнама талаптарына байланысты рәсімдерді оңайлату бөлігінде валюталық реттеу режимі жетілдірілген (ағымдағы және күрделі операцияларға шектеусіз ірі трансшекаралық төлемдерді статистикалық мониторингке енгізу, бұл ретте операцияларды жіктеуді валюталық бақылау агенттері емес, Валюталық реттеу органы жүзеге асырады, валюталық операция туралы тіркеу куәліктерін және валюталық операция туралы хабарлама туралы куәліктерді беру рәсімін валюталық шартқа есептік нөмір беру рәсімімен ауыстыру жолымен валюталық реттеу режимдеріне қатысты нормаларды оңтайландыру ж.б.);</p> <p>4) Ұлттық Банктің қолма қол ақшасыз конверсиялық операциялар нарығын реттеу және конверсиялық операцияларды жүргізу тәртібін айқындау бөлігінде өкілеттіктері бекітілді, сондай-ақ, қызметтің айрықша түрі банкке жақын тәуекелдерді басқару жүйелерін енгізу және Ұлттық Банкке тиісті мәліметтерді ұсыну жолымен қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын (банктік емес айырбастау пункттері) ұйымдастыру болып табылатын уәкілетті ұйымдардың жұмыс істеу тәртібіне қойылатын талаптар қайта қаралды;</p> <p>5) валюталық операцияларды жіктеу және валюталық операциялардың статистикалық мониторингін ұйымдастыру бөлігінде валюталық реттеу және валюталық мониторинг режимдеріне қатысты нормалар оңтайландырылды.</p> <p>«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу және дамыту, микроқаржы қызметі және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 3 шілдедегі Заңмен Ұлттық Банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажыратуға байланысты заңға түзетулер енгізілді. Атап айтқанда, Заңның 1-бабының 1) және 9) тармақшалары, 11-бабының 1 және 2-тармақтары және 12-бабы түзетілді (уәкілетті банктердің ҚР-да қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға лицензиялар беру жөніндегі функцияларды Агенттікке беруіне байланысты). Бұл Агенттіктің банк қызметін мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды, оның ішінде олардың қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру бөлігінде жүзеге</p> | | |

| | | |
|--|--|--|
| | | <p>асыруу банк қызметін реттеудің тиімділігін арттыратындығына, сондай-ақ банк саласында кешенді бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретіндігіне байланысты.</p> <p>Осылайша, енгізілген новеллаларды талдау және практикалық іске асыру Заңның нормаларын көрсетті:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру саласындағы құқықтық реттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді; - Ұлттық Банктің елдегі қолма қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын реттеу және бақылау саласындағы саясатын тиімді Нормативтік қамтамасыз етуді қамтамасыз етеді; - - Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығының тұрақтылығын және экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға жәрдемдесуді қамтамасыз етеді. |
|--|--|--|

III. Стратегиялық мақсаттар мен нысаналы индикаторларды талдауы

| № р/с | Мемлекеттік жоспарлау Жүйесі құжатының немесе өзге де жоспарлау құжатының атауы | Мақсаты (мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжатына немесе өзге жоспарлау құжатына сәйкес қол жеткізу қажет нәтиже) | Қолданыстағы нормативтік құқықтық актінің не іске асыру үшін қабылданған немесе әзірленетін мақсаттың атауы (нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементін, нормативтік құқықтық актінің жобасын көрсете отырып) | Мақсатқа қол жеткізуге бағытталған не ықпал ететін нормалардың мазмұны туралы мәліметтер (құқықтық құралдар) | Мақсаттарға қол жеткізу құқығының нормаларын бағалау (нормативтік реттеу оларға қаншалықты қол жеткізуге мүмкіндік береді). * Қажетті құқық нормалары/құқықтық құралдар болмаған жағдайда тиісті ұсыныстар әзірленеді |
|-------|---|---|--|---|--|
| 1. | ҚРҰБ Төрағасының 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 259 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2024-2028 жылдарға арналған стратегиялық жоспары (ҚР Президенті Әкімшілігінің 2023 жылғы 5 желтоқсандағы № 23-4551-2 келісілген). | Тиімді валюталық реттеу және валюталық бақылау | «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Заңы | Уәкілетті ұйымдарға қатысты «Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» ҚР Заңының 15-2-бабы 2-тармағының екінші бөлігіне сәйкес бақылау және қадағалау органы жылына бір реттен жиі емес тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексеруді жүзеге асырады | Уәкілетті ұйымдардың қызметіне бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру шеңберінде нормативтік реттеу уәкілетті ұйымдардың жоспарлы тексерулері жөніндегі мақсатқа қол жеткізуге мүмкіндік береді. |

IV. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардан туындайтын міндеттемелердің орындалуын талдауы.

| | | | |
|---------------------------|--|--|---|
| Халықаралық шарттың атауы | Қазақстан Республикасының Міндеттемесі | Қолданыстағы нормативтік құқықтық актінің не орындалуы үшін қабылданған немесе | Міндеттемелерді орындауға бағытталған не ықпал ететін нормалардың мазмұны туралы мәліметтер (құқықтық құралдар) |
|---------------------------|--|--|---|

| | | | |
|--|---|--|---|
| № р/с | (халықаралық шарттың құрылымдық элементін көрсете отырып) | әзірленетін міндеттеменің атауы (нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементін, нормативтік құқықтық актінің жобасын көрсете отырып) | * Қажетті құқық нормалары/құқықтық құралдар болмаған жағдайда тиісті ұсыныстар әзірленеді |
| ҚР ратификациялаған халықаралық шарттардан туындайтын қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру бөлігінде Қазақстанның міндеттемелері жоқ. | | | |

V. Құқық қолдану практикасын талдауы

| № р/с | Нормативтік құқықтық актінің атауы | Нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементі | Проблемалық сұрақтардың сипаттамасы | Ақпарат көздері | Қабылданған немесе қабылданған шаралар |
|----------|------------------------------------|--|---|---|---|
| 1. | ВРВБ туралы заң | 10-баптың 3 және 4-тармақтары, 11 және 12-баптар | Жалпы, заң нормаларын іске асыру кезінде бірыңғай құқық қолдану практикасы қамтамасыз етіледі. Осыған қарамастан, уәкілетті ұйымдар мен банктердің заңның белгілі бір нормаларын түсіндіру мәселелері бойынша бірнеше рет жүгіну фактілері болды. | Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «E-Otinish» ақпараттық жүйесі | 2021 жылдың тамыз айынан бастап осы уақытқа дейін уәкілетті ұйымдар мен уәкілетті банктердің атына Заңның жекелеген нормаларын, сондай-ақ ведомстволық НҚА түсіндіру мәселелері бойынша хаттар жолданды: 2020 – 36, 2021 – 16, 2022 – 13, 2023 – 6, 2024 – 8, 2025 – 1. Статистикалық деректерден жыл сайын заң нормаларын қолдану бойынша жіберілетін түсініктемелер санын азайту бойынша оң динамика көрінеді. Атап айтқанда, қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлғалардың қызметіне қойылатын талаптар, уәкілетті ұйымдар мен уәкілетті банктердің есептерін ұсыну тәртібі мен мерзімдері, айырбастау операцияларын жүргізу кезінде клиенттерді тиісті тексеруді жүзеге асыру бөлігінде түсініктемелер берілді. |

VI. Заңнама саласының (кіші саласының) тұрақтылығы

| № р/с | Нормативтік құқықтық актінің атауы | Өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген нормативтік құқықтық актінің атауы | Өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементі | Енгізілген өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың негіздемесі |
|--|---|--|---|--|
| Конституциялық Заңдар, Кодекстер, шоғырландырылған заңдар, заңдар | | | | |
| - | | | | |
| Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық жарлықтары | | | | |
| - | | | | |
| Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық қаулылары | | | | |
| - | | | | |
| Ведомстволық нормативтік құқықтық актілер | | | | |
| 1. | «Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 4 сәуірдегі № 49 қаулысы | «Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 26 қыркүйектегі № 72 қаулысы <i>(осы қаулының 1-тармағының отыз сегізінші, отыз тоғызыншы, жүз алтыс төртінші, жүз алтыс бесінші, жүз алтыс алтыншы, жүз алтыс жетінші абзацтары, осы қаулыға 5-қосымша 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)</i> | 3, 62, 64-тармақтар, 11-қосымша | ҚР Президентінің 13.04.2022 ж. № 872 Жарлығының талаптары шеңберінде уәкілетті банктер мен уәкілетті ұйымдардың есептерді электрондық форматқа ұсынуына көшу бойынша түзетулер көзделген. Сондай-ақ, «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТБ-мен өткізілген кездесулердің қорытындысы бойынша және валюта нарығына қатысушылардың пікірін ескере отырып, сатып алынған және сатылған қолма-қол шетел валютасы тізімдерінің журналына өзгерістер енгізілді |

| | | | |
|--|--|------------------|---|
| <p>2. «Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункті арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын және табыс ету мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 20 шілдедегі № 91 қаулысы</p> | <p>«Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының айналыстағы монеталарының қатар айналыста болу кезеңін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 2 шілдедегі № 114 және "Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункті арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын және табыс ету мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы" 2020 жылғы 20 шілдедегі № 91 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 26 қыркүйектегі № 71 қаулысы <i>(осы қаулыға 5-қосымша 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)</i></p> | <p>б-қосымша</p> | <p>Ұлттық Банктің 2023 жылы «ҚРҰБ веб-порталы» АӘК-де респонденттің жеке кабинетін дамытуына байланысты айырбастау операциялары бойынша есептерді жинау және өңдеу функционалы сыртқы орта субъектілерінен «Қаржылық реттеуші статистикалық көрсеткіштер» АӘК-не есептілікті жинау және өңдеу бөлігіндегі міндеттерді автоматтандыруға арналған Ұлттық Банктің жаңа платформасына көшірілді</p> |
| <p>Саланың тұрақтылық дәрежесі: 2.2</p> | | | |

Құқықтық мониторинг жүргізу қағидаларының 29-тармағына сәйкес (ҚР Әділет министрінің 2023 жылғы 11 шілдедегі № 471 бұйрығы) құқықтық мониторинг жүргізу жылының алдындағы жыл құқықтық реттеудің тұрақтылық дәрежесін айқындау кезеңі болып табылатынын қосымша атап өтеміз.

Мәселен, 2024 жылы ҚРҰБ туралы Заңға және ВРВК туралы Заңға ҚР-да қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру саласын реттейтін бөлікке өзгерістер **енгізілмеді**.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2022 жылғы 28 ақпандағы № 20 «Қызметін Ұлттық Банктің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына лицензиясы негізінде айырбастау пункттері арқылы ғана жүзеге асыратын заңды тұлғалар үшін Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы" қаулысына, айрықша қызметі банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғалар» 2024 жылы да **өзгерістер енгізілмеген**.

Анықтама.

Заңнама саласының (кіші саласының) тұрақтылық индексі заңнама саласын (кіші саласын) реттейтін нормативтік құқықтық актілер түрлерінің тұрақтылығын мынадай формула бойынша қосу жолымен айқындалған:

$$S_{\text{обш.}} = S_z + S_U + S_{PP} + S_V,$$

онда:

$S_{\text{жалпы}}$ – заңнама саласының (кіші саланың) тұрақтылық индексі;

S_z - конституциялық заңдардың, кодекстердің, шоғырландырылған заңдардың, заңнама саласын (кіші саны) реттейтін заңдардың тұрақтылық индексі;

S_U - Қазақстан Республикасы Президентінің заңнама саласын (кіші саланы) реттейтін нормативтік құқықтық жарлықтарының тұрақтылық индексі;

S_{PP} - Қазақстан Республикасы Үкіметінің заңнама саласын (кіші саланы) реттейтін нормативтік құқықтық қаулыларының тұрақтылық индексі;

S_V - заңнаманың саласын (кіші саланы) реттейтін ведомстволық нормативтік құқықтық актілердің тұрақтылық индексі.

2024 жылы ҚР-да қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру саласын реттейтін бөлігінде ҚР-ның ҚРҰБ туралы және ВРВК туралы Заңдарына ҚРҰБ туралы Заңға өзгерістер **енгізілмеді**.

Заңнаманың саласын (кіші саласын) реттейтін ведомстволық нормативтік құқықтық актілердің тұрақтылық индексі мынадай формула бойынша айқындалған:

$$S_V = \frac{A_V / B_V}{30} * 100,$$

онда:

$A_V = 2$ (заңнаманың саласын (кіші саланы) реттейтін ведомстволық нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген ведомстволық нормативтік құқықтық актілердің саны);

$B_V = 3$ заңнаманың саласын (кіші саланы) реттейтін ведомстволық нормативтік құқықтық актілердің жалпы саны;

30 - нормативтік құқықтық акт түрінің пайыздық мәні.

Сонымен, $S_V = (2/3):30 * 100 = 2.2$.

$S_{\text{обш.}} = S_z + S_U + S_{PP} + S_V = 0 + 0 + 0 + 2.2 = 2.2$.

VII. Құқықтық талдауы.

| № р/с | Құқықтық мониторинг жүргізу барысында анықталған нормативтік құқықтық актінің түрі, қабылданған күні, нөмірі және атауы | Нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементі (бөлігі, абзацы, тармақшасы, тармағы, бабы) | Анықталған кемшіліктің сипаттамасы | Анықталған кемшіліктерді жою бойынша қабылданатын немесе қабылданған шаралар (оның ішінде нормативтік құқықтық акт жобасының атауы, әзірлеу не келісу сатысы) |
|--|---|--|------------------------------------|---|
| | 2 | 3 | 4 | 5 |
| Қарама-қайшы нормалар | | | | |
| | - | | | |
| Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келмейтін нормалар | | | | |

| | | | | |
|---------------------------------------|--|-------------------------------|---|--|
| | - | | | |
| Ескірген нормалар | | | | |
| 1. | «Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункті арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын және табыс ету мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 20 шілдедегі № 91 қаулысы | 2, 3, 4 және 5 қосымшалар | ҚР Статистика агенттігі Төрағасының м.а. 2010 жылғы 14 шілдедегі № 183 бұйрығына (ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының 2024 жылғы 27 қыркүйектегі № 31 бұйрығы) енгізілген өзгерістерге сәйкес әкімшілік деректердің әкімшілік деректермен өтеусіз негізде ұсынылу қағидалары жаңа редакцияда жазылды. Мәселен, ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 20 шілдедегі № 91 қаулысына 2, 3, 4 және 5-қосымшаларды Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының м.а. 2010 жылғы 14 шілдедегі № 183 бұйрығына сәйкес келтіру қажет | Артық норма шығаруды оңтайландыру және болдырмау мақсатында НҚА-ның бір тиісті жобасын әзірлеу шеңберінде тиісті түзетулер енгізу көзделеді. |
| 2. | «Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 4 сәуірдегі № 49 қаулысы | 12, 13, 14 және 16 қосымшалар | ҚР Статистика агенттігі Төрағасының м.а. 2010 жылғы 14 шілдедегі № 183 бұйрығына (ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының 2024 жылғы 27 қыркүйектегі № 31 бұйрығы) енгізілген өзгерістерге сәйкес әкімшілік деректердің әкімшілік деректермен өтеусіз негізде ұсынылу қағидалары жаңа редакцияда жазылды. Мәселен, ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 4 сәуірдегі № 49 қаулысына 12, 13, 14 және 16-қосымшаларды Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының м.а. 2010 жылғы 14 шілдедегі № 183 бұйрығына сәйкес келтіру қажет | Артық норма шығаруды оңтайландыру және болдырмау мақсатында НҚА-ның бір тиісті жобасын әзірлеу шеңберінде тиісті түзетулер енгізу көзделеді. |
| Сыбайлас жемқорлық нормалары | | | | |
| | - | | | |
| Қайталанатын нормалар | | | | |
| | - | | | |
| Құқық нормаларының олқылықтары | | | | |
| | - | | | |

| | | | |
|--|---|--|--|
| Артық бланкеттік және сілтемелік нормалардың болуы | | | |
| | - | | |
| Басқаша (болған жағдайда) | | | |
| | - | | |
| Барлығы: (анықталған құқық кемшіліктерінің саны):2 | | | |

VIII. Қорытындылар мен ұсыныстар

Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруды реттейтін заңнамаға жүргізілген талдау тұтастай алғанда осы саладағы қоғамдық қатынастарды нормативтік реттеудің **тиімділігін** көрсетеді.

ВРВБ туралы Заңның нормалары және заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру саласындағы құқықтық реттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді, Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жасау тәртібі мен шарттарын реттейді және уәкілетті ұйымдарға қойылатын талаптарды белгілейді.

Сондай-ақ, осы саладағы заңнаманың нормалары уәкілетті ұйымдар мен уәкілетті банктерден ұсынылған есептер шеңберінде айырбастау операцияларының жүргізілуіне мониторинг пен бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, Ұлттық Банк «Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Заңның 15-2-бабы 2-тармағының екінші бөлігіне сәйкес уәкілетті ұйымдардың қызметіне бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру шеңберінде тексерулер жүргізеді.

Айырбастау операцияларын жүргізуді бақылау жүйесі заңсыз айырбастау операцияларын уақтылы анықтауға және жолын кесуге мүмкіндік береді, бұл Қазақстан Республикасының ішкі валюта нарығының тұрақтылығын және экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруды реттейтін заңнаманы құқықтық реттеудің тұрақтылығын атап өту қажет.

Осылайша, 2018 жылы ВРВБ туралы Заң жаңа редакцияда қабылданған сәттен бастап ҚР-да қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру саласын реттейтін бөлікке өзгерістер 2019 жылы бір рет қана енгізілді (Ұлттық Банк пен агенттік арасындағы тиісті өкілеттіктердің аражігін ажыратуға байланысты).

2024 жылы бір рет енгізілген ведомстволық актілерге («Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2019 жылғы 4 сәуірдегі № 49 және «Қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункті арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын және табыс ету мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы» 2020 жылғы 20 шілдедегі № 91 Ұлттық Банк

Басқармасының қаулылары) түзетулер уәкілетті банктер мен уәкілетті ұйымдардың есеп беру процестерін оңтайландырумен байланысты.

КРҰБ туралы және ВРВБ туралы заңдарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2022 жылғы 28 ақпандағы № 20 «Қызметін Ұлттық Банктің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына лицензиясы негізінде айырбастау пункттері арқылы ғана жүзеге асыратын заңды тұлғалар үшін Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы" қаулысына, айрықша қызметі банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғалар» қаулысына 2024 жылы ешқандай өзгеріс болған жоқ.

Жоғарыда айтылғандардан басқа, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» жаңа заңды әзірлеу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар шеңберінде «Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» және «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» ілеспе заңдарға қадағалауды күшейту және уәкілетті ұйымдардың қызметін бақылау. Атап айтқанда:

- тексерілетін субъект тексеру материалдарына қосу үшін барлық қажетті мәліметтер мен құжаттарды, олардың көшірмелерін қоса алғанда, беруден бас тартқан жағдайда тәуекел дәрежесін бағалау, жоспардан тыс тексеру негізінде тексеруді өткізілмеген деп тану мүмкіндігін көздеу (тексерілетін субъектінің бұл міндеті 15-3-баптың 6-тармағының екінші бөлігінде көзделген) мемлекеттік реттеу туралы Заң);

- тексерілетін субъектінің тексеру материалдарына қосу үшін құжаттар мен мәліметтерді (көшірмелерін алу мүмкіндігімен), оның ішінде электрондық түрде ұсыну қажеттілігі белгіленсін;

- тексеруші қызметкерлердің аудио, фото және бейнетүсірілімді жүзеге асыру және тексеру немесе профилактикалық бақылау және қадағалау мәніне жататын техникалық бақылау құралдарының, бақылау және тіркеу аспаптарының, фото -, бейнеаппаратураның жазбаларын пайдалану өкілеттіктерін көздеу (Кәсіпкерлік Кодекстің 154 - бабы 1-тармағының 2-1) және 2-2) тармақшаларында көзделген нормаларға ұқсас).

IX. Құқық нормаларының анықталған кемшіліктерін жоюға бағытталған шаралар бойынша ақпарат

| р/с № | Актінің атауы | Өзірленген ұсыныс | Іске асыру мерзімі |
|-------|---------------|-------------------|--------------------|
| - | | | |

(мемлекеттік органның аппарат басшысы
не заң қызметі мәселелеріне жетекшілік

ететін лауазымды адам (Т.А.Ә. (болған жағдайда))

«___» _____ 20__ ЖЫЛҒЫ _____ ҚОЛЫ